

## Есімдікке жаттығулар

### 1-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қойыңыз.

1. ... ата-анаңызбен тұрасыз ба? 2. Сен ... келдің? 3. ... адамдар пойызбен жүруді ұнатпайды. 4. Ол анасы туралы ... айтпады. 5. ... сұра. 6. ... білмей ме? 7. Үйге ... келген жоқ па? 8. Сен ... әкелдің бе? 9. ... көйлекті кімнен сатып алдың? 10. ... ұшақпен ұштың ба? 11. Мұрат ... әңгімені ... айтты. 12. ... көйлекті ... сатып алды. 13. ... шетел тілдері институтында оқиды, ал ... ше? 14. Азық-түлік дүкенінен ... алған жоқпын, себебі ақшамды үйде тастап кетіппін. 15. Үйге ... келген жоқ. 16. Мен ... білемін. 17. Алаңға ... жұмысшылар шықты. 18. ... тағамдар дәмді екен. 19. ... адамдар пойызбен жүруді ұнатпайды. 20. Сен ... бара жатырсың?

### 2-жаттығу. Қазақ тіліне аударып, есімдіктің түріне қарай ажыратыңыз.

1. Это мой дом, а тот - его дом. 2. Мы сделаем это сами. 3. У меня ничего нет. 4. Все люди гуляют на улице. 5. Кто это? 6. Никто их не видел. 7. Это твое место? 8. Как они проводят свое свободное время? 9. Ты это знаешь сам. 10. Возьми это платье, оно идет тебе.

### 3-жаттығу. Берілген есімдіктерді септеңіз.

Септіктер	Мен	Сол	Өзі
Атау септік			
Ілік септік			
Барыс септік			
Табыс септік			
Жатыс септік			
Шығыс септік			
Көмектес септік			

### 4-жаттығу. Көп нүктенің орнына жіктеу есімдігін қойып жазыңыз.

... оқушымын ... оқушымыз  
... оқушысың ... оқушысыңдар  
... оқушысыз ... оқушысыздар  
... оқушы ... оқушылар

**5-жаттығу. Сөйлемдердегі есімдіктерді тауып үлгі бойынша мағыналық түрін анықтаңыз.**

*Үлгі:* Сен тұтас жер болып едің, Жер ана. (сен – жіктеу есімдігі)

1. Сен тұтас жер болып едің, Жер ана.
2. Сол оқиғаны есіне алғысы келмейді.
3. Алматы достарының қашан келетінін білмейді.
4. Өзін Мадиярға аға тұтып жүр.
5. Енді ол үшін бүкіл дүние тас қараңғы.
6. Басқа ешкім дыбыс шығарып сөйлемейді.
7. Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп.

**6-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып жазыңыз.**

1. ... ата- анаңызбен тұрасыз ба? 2. Мұрат ... әңгімені айтты. 3. Ауа райы ... тамаша! 4. Әр халықтың ... ұлттық тағамы бар. 5. ... үйде жақын досым тұрады. 6. Университеттің ... корпусы бар. 7. Отанын қорғау – ... азаматтың борышы. 8. ... өтірік айтпа. 9. Мына хат ... келген?

*Есімдіктер: сіз, қандай, өзінің, бұл, бірнеше, әрбір, ешқашан, кімнен, бізге.*